

Кімге: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне
Кімнен: Шымкент қаласының қаржы басқармасының коммуналдық
меншікті басқару бөлімінің бас маманы Бегалы Жандос Қайратұлынан
Орындау күні: 04.10.2024

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру кезіндегі бюрократиядан арылу.

Кіріспе. Бюрократия – мемлекеттік немесе ұйымдық құрылымдардағы рәсімдер мен ережелер жиынтығы. Оның басты мақсаты – тиімділік, тәртіп және жауапкершілікті қамтамасыз ету. Дегенмен, артық бюрократиялық жүйелер көбінесе баяу шешім қабылдауға, инновацияның тежелуіне және қызмет көрсету сапасының төмендеуіне әкеледі. Сондықтан бюрократиядан арылу, яғни оны оңтайландыру, қазіргі заманғы ұйымдар үшін маңызды міндет болып табылады.^[1]

Негізгі бөлім. «Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы № 85 бұйрығына сәйкес Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) республикалық меншіктегі мүліктік кешендер ретіндегі республикалық заңды тұлғалар, акционерлік қоғамдардың акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестері облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) коммуналдық меншігіне облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімінің, немесе ол уәкілеттік берген адамның не оны алмастыратын адамның өтінішхаты негізінде мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның шешімі бойынша беріледі;

2) республикалық заңды тұлғалардың мүлкі коммуналдық меншікке облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімінің, немесе ол уәкілеттік берген адамның не оны алмастыратын адамның өтінішхаты негізінде берілетін мүлік теңгерімінде тұрған республикалық заңды тұлғаны басқаруды жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органымен келісілген мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның шешімі бойынша беріледі;

3) коммуналдық меншіктегі мүліктік кешендер ретіндегі коммуналдық заңды тұлғалар, акционерлік қоғамдардың акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестері республикалық меншікке республикалық меншікке қабылдау туралы облыс (республикалық маңызы бар қала, астана)

әкімдігінің қаулысы және мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның шешімі негізінде беріледі;

4) коммуналдық заңды тұлғалардың мүлкі республикалық меншікке мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен және мүлік теңгеріміне берілетін республикалық заңды тұлғаны басқаруды жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органымен келісілген облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдігінің қаулысы негізінде беріледі. [2]

Бұл процесс өз кезегінде 1 айдан 3 айға дейін созылуы мүмкін.

Қорытынды: Бюрократиядан арылу - ұйымның тиімділігін арттыруға бағытталған маңызды процесс. Автоматтандыру, процесс оптимизациясы, командалық жұмыс, ашықтық, икемділік және білім беру сияқты тәсілдер бюрократияны жеңуге көмектеседі. Бұл шаралар тек ұйымдардың ішіндегі процестерді ғана емес, сонымен қатар клиенттермен қарым-қатынасты да жақсартуға мүмкіндік береді. Тиімді бюрократиясыз ұйымдар инновацияларға, жылдамдыққа және нәтижеге қол жеткізе алады, нәтижесінде бәсекеге қабілеттілікті арттырады. [3]

Ұсыныс: «Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы № 85 бұйрығына сәйкес бюрократияға алып келіп отырған мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісім беруін және шешім қабылдауын, басқарушы органның келісім беруін, жергілікті атқарушы органның келісім беруін және шешім қабылдауын <https://e-qazyna.kz> порталына интеграциялау. Бұл мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру процесін екі-үш айдан екі аптаға дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер мен сілтемелер:

1. <https://kk.wikipedia.org>
2. <https://adilet.zan.kz>
3. <https://ntime.kz>